

Жүгіру жарысын өткізу туралы тәртіп

KAZZINC FAMILY RUN

Балалар-отбасылық жүгіру жарысы.

Өткізілетін күні: 30.05.2026 ж.

Орны: Өскемен қаласы. Жағалау. «Жеңіс» мемориалды кешені.

Kazzinc Family Run – бұл жас пен қашықтыққа қарамастан, барлық қатысушыларға арналған тегін жүгіру жарысы.

Старттық нөмірлерді тарату: 28 және 29 мамыр күндері Dedeman Oskemen Tavros Hotel сағат 10:00 мен 20:00 аралығында өтеді

Тіркелу бағасы (бастапқы жарна): KAZZINC промокодымен барлық санаттар үшін 0 теңге

1. Жүгіру жарысының мақсаты:

- Балалар мен ересектер арасында бұқаралық спортты насихаттау
- Отбасымен бірге салауатты өмір салтын дәріптеу
- Ұлтты сауықтыру бойынша бағдарламаны қолдау.

Жарыстың негізгі идеясы: Өмірдегі барлық үлкен старттар кішкентай жарыстардан басталады!

2. Жарыс ұйымдастырушылары-жетекшілері: Service Line

3. Бас демеуші: KAZZINC

4. Қашықтықтар мен жас санаттары

Жас санаты	Қашықтық
Жеке жарыс 2 – 3 жас (еріп жүретін адаммен бірге)	100 м
Жеке жарыс 6-9 жас	500 м
Жеке жарыс: 10-11 жас 12-13 жас 14-15 жас 16-17 жас (жарыс қашықтығы, нәтижесі белгіленеді)	1 км
Жеке жарыс 15 жас және одан жоғары	4,2 км
Командалық /Отбасылық жарыс (2-5 адам)	4,2 км
Скандинавиялық жүріс	4,2 км
Инклюзивті старт	

Назар аударыңыздар! Кейін марапаттау үшін нәтижесі белгіленетін қашықтық – бұл 1 км қашықтық келесі жас санаттарына арналады: 10-11 жас, 12-13 жас, 14-15 жас, 16-17 жас.

Қалған қашықтықтардың бәрі де жарыстық болып саналмайды!

5. Шараның таймингі:

07:30 – старттық қалашықтың ашылуы

08:00 – жүргізушінің амандасуы

08:20 – 2-3 жастағы балаларға (ата-аналармен бірге) арналған сергіту жаттығулары

08:30 – старт 100м 1-ші жүгіру жарысы

08:33 – старт 100м 2-ші жүгіру жарысы

08:36 – старт 100м 3-ші жүгіру жарысы

08:39 – старт 100м 4-ші жүгіру жарысы

08:50 – 500м қашықтығы мен инклюзивті старт алдындағы сергіту жаттығулары

09:00 – старт 500м (6-9 жас, қыздар)

09:05 – старт 500м (6-9 жас, ұлдар)

09:20 – старт 700 м (ерекше мұқтаждықтары бар балалар)

09:50– 1 км қашықтығы алдындағы сергіту жаттығулары (жарыс қашықтығы)

10:00 – старт 1км. Жалпы старт

10:40 – 4,2 км қашықтығына (жеке қашықтық пен командалар), скандинавиялық жүріске арналған сергіту жаттығулары

10:55 – старт 4,2 км (жеке қашықтық)

11:25 – командалық-отбасылық старт 4,2 км

11:35 – скандинавиялық жүріс қатысушыларының старты

12:15 – 1 км қашықтығының қатысушыларын марапаттау (балалар, 10-17 жас)

13:00 - старттық қалашықтың жабылуы

6. Жүгіру жарысының қатысушылары:

- Қатысушылардың тіркелуі – тегін, алайда МІНДЕТТІ түрде жасалуы тиіс.
- Жоғарыда көрсетілген жас санаттарындағы барлық ниет білдірген адамдар жүгіру жарысына қатыстырылады;
- Жеке жарысқа қатысып отырған қатысушылар командалық/отбасылық жарыстың қатысушысы болуға құқылы;
- Жеке жарысқа тіркелу кезінде қатысушының жасы ескеріледі;
- **Барлық жастағы балалар** еріп жүретін ересек адаммен бірге бір команда/отбасы ішінде командалық /отбасылық жүгіру жарысына қатыса алады.

7. Жарыстық қашықтықтарға жатпайтын нәтижелерін есептеу және жеңімпаздарды анықтау:

- Бұл жарыс мерекелік форматта өтетіндіктен, нәтижелерді белгілеу жүргізілмейді. Нәтиже сайтта жарияланбайды.

8. 1 км қашықтығының нәтижелерін есептеу және жеңімпаздарды анықтау:

- Жарыстың жеңімпаздары мен жүлдегерлері қашықтықтағы ең жақсы нәтиже бойынша анықталады.
- Жарыс қатысушысының нәтижесі хронометраж жүйесімен белгіленеді және қазылар алқасымен расталады.

9. Жұлделер:

- Мәреге жеткен әр адамға жүгіру жарысының естелік медалі табысталады;
- Жарыс қашықтығы – марапаттау медалі (1,2,3 орын) мақтау қағазы, серіктестер атынан сыйлықтар.

10. Қатысушыларды тіркеу және жарысқа қатыстыру:

- Қатысушыларды тіркеу <https://minimarathon.kz/ru/> сайтында 2026 жылдың 17 мамырында сағат 23:55 (Алматы уақыты бойынша) немесе қатысушылардың жалпы саны – 2000 адамға жеткенде аяқталады.
- Онлайн тіркелу үдерісінен өткен және барлық мәліметтерді енгізген қатысушы тіркелген болып саналады.
- Тіркелу арқылы қатысушы Жарыс тәртібімен келісетіндігін автоматты түрде растайды
- Жарысқа өтініш бере отырып, қатысушылардың ата-аналары іс-шараға қатысуға байланысты денсаулық пен барлық ықтимал тәуекелдер үшін жауапкершілікті өз мойнына алады және балалардың жарысқа тікелей қатысу үдерісінде оларға физикалық немесе

материалдық залал келтірілген жағдайда ұйымдастырушыларды кез келген материалдық, азаматтық немесе қылмыстық жауапкершіліктен босатады;

- Старттық жиынтықтарды тарату 2025 жылдың 28 және 29 мамыр күндері сағат 10:00 мен 20:00 аралығында Dedeman Oskemen Tavros Hotel қонақ үйінде жүзеге асырылады.
- **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! СТАРТТЫҚ НӨМІРЛЕРДІ ТАРАТУ БАСҚА КҮНДЕРІ ЖҮРГІЗІЛМЕЙДІ!**
- Қатысушы жарысқа старттық нөмірмен ғана қатыса алады.
- Егер қатысушы старттық жиынтығын өзі алып кете алмаса, оны нөмірлер тапсырылатын күні басқа адам денсаулық туралы қолхатты тоотырып, әрі тіркелген қатысушының құжатын көрсете отырып, алып кете алады.
- Старттық нөмірі жоқ қатысушылар жарысқа қатыстырылмайды.
- Старттық нөмір жақсы көрінуі тиіс, оны алдынан, кеуде тұсында орналастыру керек.
- Басқа біреудің нөмірімен жарысқа қатысуға тыйым салынған. Мұндай жағдай анықталса, нөмірін табыстаған қатысушы және бөгденің нөмірін қабылдаған қатысушы осы жарыстан шеттетіліп, нәтижесі жоққа шығарылады.
- Өрбір қатысушы тек қана өзінің жас санатында жүгіруі тиіс. Старттың уақыты шара таймингінде көрсетілген.

11. Жарыстан шеттету:

- Қатысушы жүгіруді ресми старттан бұрын бастаса;
- Қатысушы жүгіруді старттық аймақ жабылған соң бастаса;
- Қатысушы сөреге старттық нөмірінсіз шықса;
- Қатысушы жарыс ұйымдастырушылары, төрешілері немесе бас дәрігерінің нұсқаулары мен сөздеріне назар аудармаса;
- Қатысушы жүгіру жарысының ережелерін бұзса;
- Қатысушы қашықтықты қысқартса;
- Қатысушы старттық аймақтан тыс жерде жүгіріп бастаса;
- Қатысушы қозғалу үшін механикалық құрылғыны қолданса.

12. Байланыс:

Сайт: <https://minimarathon.kz/ru/>

E-mail: info@minimarathon.kz

Instagram: <https://www.instagram.com/minimarathon.kz>

Tel: +7 (701) 101 91 10 (wa)